

**АСТАНА ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ г. АСТАНА  
МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР**



**ЖЕКЕМЕНШІК ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ  
МОНИТОРИНГІ**

**МОНИТОРИНГ  
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЧАСТНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ  
СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**АСТАНА  
2022**

## МАЗМҰНЫ

1.	Жекеменшік орта білім беру ұйымдарының қызметіне мониторинг жүргізу құралдары	3
2.	Жекеменшік орта білім беру ұйымдары қызметінің мониторингін талдау	4
2.1	2019-2020 оқу жылындағы мониторингті талдау	10
2.2	2020-2021 оқу жылындағы мониторингті талдау	12
2.3	2021-2022 оқу жылындағы мониторингті талдау	14
2.4	2022-2023 оқу жылындағы мониторингті талдау	16
2.5	Жекеменшік мектеп білім алушыларының оқу жетістіктерін талдау	19
2.6	Жекеменшік мектеп түлектерін қамтылуын талдау	25
3.	Жекеменшік орта білім беру ұйымдары қызметінің мониторингі қорытындылары бойынша әдістемелік ұсынымдар	28

## **1. ЖЕКЕМЕНШІК ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ ҚҰРАЛДАРЫ**

Жекеменшік мектептер қызметінің тиімділігін анықтау үшін мониторинг жоспарланып, жүргізілді. Мониторинг үш оқу жылы және ағымдағы 2022-2023 оқу жылының 1 тоқсаны шеңберінде жүргізілді.

Мониторинг жүргізу үшін әрбір оқу жылы (2019-2020, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылының 1 тоқсаны) бойынша диагностикалық карталар түріндегі құралдар жинағы әзірленді.

Диагностикалық карталар келесі бағыттарды қамтыды, олар бойынша кейіннен талдау жүргізілді:

- ✓ жекеменшік мектептің ашылған жылы;
- ✓ білім деңгейі;
- ✓ оқу тілі;
- ✓ мектеп миссиясы;
- ✓ оқу бағыты;
- ✓ білім беру деңгейлері мен оқыту тілдері бөлінісіндегі білім алушылар контингенті;
- ✓ білім деңгейлері бойынша білім алушылардың білім сапасы;
- ✓ біліктілік санаттары бойынша педагогтер контингенті;
- ✓ білім алушылардың жетістіктері;
- ✓ түлектерді жұмысқа орналастыру.

Барлық осы бағыттар бойынша диагностикалық карталар әр бағытқа арналып жеке құрастырылды, сондай-ақ бағыттар бойынша жиынтық ақпарат енгізілді.

Диагностикалық карталар барлық жеке орта білім беру ұйымдарына берілді, бірақ ақпарат барлық жекеменшік мектептерден алынған жоқ. Талдауда мониторингке қатысқан мектептердің саны жылдар бойынша көрсетілген.

## **2. ЖЕКЕМЕНШІК ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ МОНИТОРИНГІН ТАЛДАУ**

2022-2023 оқу жылының басында 50 жекеменшік орта білім беру ұйымдары жұмыс істейді, оның ішінде 5 мемлекеттік-жекешелік әріптестіктегі «BINOM» мектебі.

Мониторингке 37 орта білім беру ұйымдары, оның ішінде 5 «BINOM» мектебі қатысты. Берілген ақпаратқа сәйкес мониторингке қатысқан жекеменшік мектептердің саны оқу жылына байланысты әр түрлі болады.

Жекеменшік мектептерде бағалаудың, халықаралық деңгейдегі бағдарламалар бойынша оқытудың, мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқытудың нысандары мен мерзімдерінен тұратын белгілі бір ерекшеліктер бар.

Жекеменшік мектептердің миссиясын анықтау кезінде ол мектептердің қызметі

- білім алушылар үшін көпмәдениетті және жоғары технологиялық ортада өмір сүру және кәсіби дамуы үшін қажетті негізгі құзыреттерді меңгеруге арналған оңтайлы жағдайлар жасауға;

- халықаралық және қазақстандық білім беру стандарттарын интеграциялауға, білім алушылардың жан-жақты дамуына, ынталандырушы және қолайлы мектеп ортасында үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын меңгеруге ықпал ететін халықаралық ойлауды қалыптастыруға;

- өзара түсіністік пен құрмет негізінде қоғамдағы бейбіт жағдайды қолдауға ықпал ете алатын құзыретті және білімді жастарды тәрбиелеуге бағытталғаны анықталды.

Жекеменшік мектептер 1995 жылдан бастап ашылып, жұмыс істей бастады. Егер ашылу жылдары бойынша сандық талдасақ:

- 1995 жылдан 2000 жылға дейінгі кезеңде берілген ақпаратқа сәйкес 4 жекеменшік мектеп ашылды: «Голубой парус» балабақша - гимназия кешені» білім беру мекемесінің филиалы, «Экономикалық лицей» ЖШС, «Нұрсұлтан Назарбаевтың білім беру қоры» ҚҚ филиалы «Мирас» халықаралық мектебі, «Почемучка» балалар даму мектебінің мекемесі;

- 2001 жылдан 2019 жылға дейінгі кезеңде 5 мектеп ашылды: «Ақжол-РА» жекеменшік мектебі, «Alpamys school» ЖШС, «Spectrum» халықаралық мектебі, «Орталық экономикалық мектебі» ЖШС, «Ascend интеллектуалды дамудың балабақша-бастауыш мектеп» кешені;


- 2020 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде 26 жекеменшік мектеп ашылды, оның ішінде МЖӘ-тегі 5 Binom мектебі.

**Білім алушылар контингенті.** 2019 жылдан 2021 жылға дейінгі талдау тек жекеменшік мектептер ұсынған мәліметтер бойынша жүргізілді, бірақ деректерді жеке мектептердің белгілі бір саны ұсынғанын атап өткен жөн, олар әр талданған оқу жылы үшін бөлек көрсетілген. 2022-2023 оқу жылының басында ғана Астана қаласының Білім басқармасы білім алушылар контингенті бойынша ақпарат берді.

**Білім беру деңгейлері бөлінісінде** білім алушылар контингентінің өткен оқу жылдарындағы берілген деректері және білім басқармасының ағымдағы оқу жылындағы статистикалық деректері негізінде мыналар анықталды: (сурет. 2.1):

- 2019-2020 оқу жылы: 2645 білім алушы;
- 2020-2021 оқу жылы: 4895 білім алушы;
- 2021-2022 оқу жылы: 15021 білім алушы;
- 2022-2023 оқу жылы: 31244 білім алушы.

**2.1-сурет. Ұсынылған деректер негізінде 2019 жылдан 2022 жылға дейін білім беру деңгейлері бөлінісінде білім алушылардың саны**



Білім алушылар контингентін талдау келесідей **қорытындыны** көрсетті


1. Жаңа жекеменшік мектептердің ашылуы нәтижесінде білім алушылар контингенті ұлғаюда;
2. Контингенттің ең үлкен санын бастауыш білім беру деңгейінде байқалады;
3. Ең аз санын жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылар құрайды.

**Оқыту тілдері бөлінісінде** білім алушылар контингентін талдау 2019 жылдан 2022 жылға дейінгі білім алушылардың жалпы санынан жекелеген оқыту тілі бойынша контингенттің пайыздық арақатынасын көрсетті: (2.2-сурет):

- қазақ тілінде оқыту:
  - 2019-2020 оқу жылы: 2,3%
  - 2020-2021 оқу жылы: 21%
  - 2021-2022 оқу жылы: 38,2%
  - 2022-2023 оқу жылы: 45,9%
- орыс тілінде оқыту:
  - 2019-2020 оқу жылы: 77,5%
  - 2020-2021 оқу жылы: 67,9%

- 2021-2022 оқу жылы: 57,7%
- 2022-2023 оқу жылы: 50,5%
- ағылшын тілінде оқыту:
  - 2019-2020 оқу жылы: 18,4%
  - 2020-2021 оқу жылы: 11%
  - 2021-2022 оқу жылы: 4,1%
  - 2022-2023 оқу жылы: 3,6%

## 2.2-сурет. Оқыту тілдері бойынша білім алушылардың үлесі, %



Деректерді талдау негізінде келесідей **қорытынды жасалды:**

1. оқыту тілдері бөлінісінде қазақ тілінде оқитын білім алушылар контингентінің тұрақты ұлғаю үрдісі байқалады;


2. қазақ тілінде оқытатын сыныптардың ашылуына байланысты орыс және ағылшын тілдерінде оқитындардың саны азайды;

3. бірақ сонымен бірге орыс тілінде оқитын білім алушылар контингенті жыл сайын қазақ тілді білім алушылар контингентінен асып түседі.

Білім алушылардың білім сапасы үш оқу жылы бойынша және ағымдағы 2022-2023 оқу жылының 1 тоқсанында **бастауыш / негізгі орта / жалпы орта** білім беру деңгейлері бөлінісінде талданған (2.3-сурет):

- 2019-2020 оқу жылы: 78%:
  - бастауыш білім деңгейі: 85,8%
  - негізгі орта білім деңгейі: 64,9%
  - жалпы орта білім деңгейі: 62,4%;
- 2020-2021 учебный год: 72,2%:
  - бастауыш білім деңгейі: 81,7%
  - негізгі орта білім деңгейі: 64,6%
  - жалпы орта білім деңгейі: 70,4%;
- 2021-2022 учебный год: 71%:
  - бастауыш білім деңгейі: 78,9%
  - негізгі орта білім деңгейі: 65,2%
  - жалпы орта білім деңгейі: 68,7%;

### 2.3-сурет. Білім алушылардың білім сапасы, %



Білім алушылардың үлгерімінің сапасы бойынша талдау:

1. жекеменшік мектептердегі білім сапасы 7% - ға шамалы төмендейді, бірақ соған қарамастан ол мемлекеттік мектептерге қарағанда бірнеше есе жоғары, егер 2021-2022 оқу жылындағы оқу үлгерімінің сапасын салыстыратын болсақ, онда жекеменшік мектептерде бұл көрсеткіш мемлекеттік мектептерге қарағанда 12,4%-ға жоғары;


2. 2019 жылдан 2022 жылға дейін білім алушылар контингентінің өсу көрсеткіштерін салыстыра отырып, жекеменшік мектептерде контингенттің үлкен өсімі анықталады, бірақ білім алушылар санының осындай өсуімен білім алушылардың білім сапасының 7% төмендеу динамикасындағы айырмашылық айтарлықтай төмен.

**Ағымдағы 2022-2023 оқу жылының 1 тоқсанындағы білім сапасы туралы мәліметтер жеке жиналды:** білім алушылардың үлгерім сапасының жалпы пайызы 63,4 құрады, білім деңгейлері бойынша ол көрсеткіш келесідей көрініс табады:

- бастауыш білім деңгейінде 72%;
- негізгі орта білім деңгейінде 60%;
- жалпы орта білім деңгейінде 58,2%.

Бұл ақпарат барлық жекеменшік мектептерден алынбағандықтан орташа статистикалық болып табылады. Ақпаратты 37 жекеменшік мектептер, соның ішінде «BINOM» мектептері ұсынды (2.4-сурет).

## 2.4-сурет. 2022-2023 оқу жылының 1 тоқсанындағы үлгерім сапасы



**Педагогикалық құрамды талдау** ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына 2021 жылғы 12 қарашада өзгерістермен және толықтырулар енгізілген соңғы №561 бұйрығының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» аттестаттау қағидаларының талаптарына сәйкес біліктілік санаттары бөлінісінде жүргізілді.

Оқу жылдарына сәйкес педагогтер контингенті:

- ✓ 2019-2020 оқу жылында – 353 педагог;
- ✓ 2020-2021 оқу жылында – 617 педагог;
- ✓ 2021-2022 оқу жылында – 1276 педагог;
- ✓ 2022-2023 оқу жылында – 2223 педагог.

Біліктілік санаттары бойынша педагогтер саны жыл сайын артып келеді. Төменде талданатын жылдарға сәйкес біліктілік санаттары бойынша педагогтердің саны мен үлесі бойынша мәліметтер көрсетілген (2.5-сурет):

■ педагог-модератор:

- ✓ 2019-2020 оқу жылына сәйкес – 32 педагог (9%);
- ✓ 2020-2021 оқу жылына сәйкес – 79 педагог (12,8%);
- ✓ 2021-2022 оқу жылына сәйкес – 199 педагог (15,6%);
- ✓ 2022-2023 оқу жылына сәйкес – 399 педагог (17,9%).

■ педагог-эксперт:


- ✓ 2019-2020 оқу жылына сәйкес – 49 педагог (13,9%);
- ✓ 2020-2021 оқу жылына сәйкес – 87 педагог (14,1%);
- ✓ 2021-2022 оқу жылына сәйкес – 180 педагог (14,1%);
- ✓ 2022-2023 оқу жылына сәйкес – 355 педагог (16%).

■ педагог-зерттеуші:



- ✓ 2019-2020 оқу жылына сәйкес – 97 педагог (27,5%);
- ✓ 2020-2021 оқу жылына сәйкес – 169 педагог (27,4%);
- ✓ 2021-2022 оқу жылына сәйкес – 303 педагог (23,7%);
- ✓ 2022-2023 оқу жылына сәйкес – 463 педагог (20,8%).
- педагог-шебер:
  - ✓ 2019-2020 оқу жылына сәйкес – 6 педагог (1,7%);
  - ✓ 2020-2021 оқу жылына сәйкес – 17 педагог (2,8%);
  - ✓ 2021-2022 оқу жылына сәйкес – 55 педагог (4,3%);
  - ✓ 2022-2023 оқу жылына сәйкес – 67 педагог (3%).
- шетелден тартылған педагогтер:
  - ✓ 2019-2020 оқу жылына сәйкес – 57 педагог (16,1%);
  - ✓ 2020-2021 оқу жылына сәйкес – 59 педагог (9,6%);
  - ✓ 2021-2022 оқу жылына сәйкес – 63 педагог (4,9%);
  - ✓ 2022-2023 оқу жылына сәйкес – 57 педагог (2,6%).

## 2.5-сурет. Біліктілік санаттары бойынша педагогтер үлесі, %



Мәліметтерге сүйенсек, біліктілік санаттары бар мұғалімдердің саны артып келеді, бірақ олардың үлесі бір жылдағы мұғалімдердің жалпы санына байланысты, сондықтан «педагог-зерттеуші» және «педагог-шебер» санаттарындағы мұғалімдердің пайыздық үлесінің төмендеуі байқалады.

Жекеменшік білім беру ұйымдары қызметінің негізгі бағыттары бойынша талдау жүргізе отырып, келесідей жалпы **қорытынды** жасауға болады:

- ✚ білім алушылар контингентінде жыл сайынғы өсу үрдісі байқалады;

- ✚ өсу үрдісі қазақ тілінде оқытын сыныптардағы білім алушылар контингентінде анықталды, бірақ соған қарамастан орыс тілінде оқытатын сыныптармен салыстырғанда теріс динамика байқалады. Жаңа жекеменшік мектептердің ашылуына байланысты қазақ тілінде оқытатын сыныптардың болуын ескеру қажет;

✚ педагогтердің білікті құрамы жылдан жылға артып келеді, бұл тиімді оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың оң факторы болып табылады;

✚ шетелдік педагогтер санының ұлғаюына қарамастан педагогтердің жалпы контингентінің ұлғаюына байланысты олардың пайыздық үлесінің азаюы байқалады;

✚ білім алушылардың білім сапасы 7% шамалы теріс динамиканы көрсетеді, оған білім алушылар контингентінің үлкен өсуі әсер еткен болуы ықтимал.

Төменде талданатын үш жыл және ағымдағы оқу жылының 1 тоқсаны бөлінісіндегі жекеменшік орта білім беру ұйымдарының қызметіне талдау келтірілген.


## 2.1 2019-2020 оқу жылындағы мониторингті талдау

2019-2020 оқу жылындағы деректердің қорытындысына сәйкес 9 жекеменшік мектеп ұсынған мониторинг бағыттары бойынша талдау жүргізілді.

Педагогикалық құрам 353 педагогтен тұрады, олардың ішінде (2.1.1-сурет):

- педагог-модератор – 32 адам (9%);
- педагог-сарапшы – 49 адам (13,9%);
- педагог-зерттеуші – 100 педагог (28,3%);
- жоғары санат – 4 педагог (1,1%);
- педагог-шебер – 6 педагог (1,7%);
- шетелден тартылған педагогтер – 57 (16%).

2.1.1-сурет. 9 жекеменшік мектепте педагогтердің біліктілік санаттары бойынша үлесі, %



Педагогтерді аттестаттаудың қолданыстағы ережелеріне сәйкес 187 педагогтің біліктілік санаттары бар (53%), қалған педагогтердің санаттары: жоғары, бірінші, екінші.


2019-2020 оқу жылында 9 жекеменшік мектептегі 1-11 сыныптар аралығында білім алушылар контингенті 2645 білім алушыны құрады, оның ішінде қазақ тілінде оқитындар – 60 (2,3%), орыс тілінде оқитындар – 2049 (77,5%), ағылшын тілінде оқитындар – 486 (20,2%) (2.1.2-сурет):

- 1-4 сыныптарда – 1525 білім алушы, оның ішінде қазақ тілінде – 60 (4%), орыс тілінде – 1236 (81%), ағылшын тілінде – 179 (15%) білім алушы;

- 5-9 сыныптарда – 901 білім алушы: қазақ тілінде оқитын білім алушылар жоқ (0%), орыс тілінде оқитын білім алушылар – 707 (78,5%), ағылшын тілінде оқитын білім алушылар – 194 (21,5%);

- 10-11 сыныптарда – 219 білім алушы: қазақ тілінде оқитын білім алушылар жоқ (0%), орыс тілінде оқитын білім алушылар – 106 (48,4%), ағылшын тілінде оқитын білім алушылар – 113 (51,6%).


**2.1.2-сурет. 9 жекеменшік мектепте білім беру деңгейлері мен оқыту тілдері бөлінісіндегі білім алушылардың үлесі, %**



2019-2020 оқу жылында жекеменшік мектептерде қазақ тілінде оқытатын сыныптардың саны аз, яғни жекеменшік мектептердегі білім алушылардың тек 2,3% қазақ тілінде оқитын білім алушылар құрайды деген қорытындыға келу керек.

2019-2020 оқу жылында білім алушылардың білім сапасы 78% құрайды, оның ішінде: 1-4 сыныптарда – 85,8%, 5-9 сыныптарда – 64,9%, 10-11 сыныптарда - 62,4% (2.1.3-сурет).

### 2.1.3-сурет. 9 жекеменшік мектеп білім алушыларының білім деңгейлері бөлінісіндегі білім сапасы



Талдау қорытындысы бойынша оқу үлгерімі сапасының жалпы пайызы 78% құрайды, бірақ негізгі және жалпы орта білім деңгейінде орта деңгейден төмен білім сапасы көрсетіледі.

## 2.2 2020-2021 оқу жылындағы мониторингті талдау

2020-2021 оқу жылындағы деректердің қорытындысына сәйкес 17 жекеменшік мектебі ұсынған мониторинг бағыттары бойынша талдау жүргізілді.

2020-2021 оқу жылында 17 жекеменшік мектепте педагогтер саны 617 адамды құрады. Педагогтерді аттестаттау бойынша қолданыстағы нормативтік құжатты ескере отырып талдау жүргізілді: (2.2.1-сурет):

- ✓ педагог-модератор – 81 педагог (13%);
- ✓ педагог-сарапшы – 88 педагог (14,3%);
- ✓ педагог-зерттеуші – 169 педагог (27,4%);
- ✓ педагог-шебер – 16 педагог (2,6%);
- ✓ шетелден тартылған педагогтер – 59 (9,6%).

### 2.2.1-сурет. 17 жекеменшік мектептердегі біліктілік санаттары бойынша педагогтердің үлесі, %




Диаграмма деректеріне сәйкес педагогтердің жалпы санының біліктілік санаттары бойынша сапалық құрамы 44,3% құрайды деген қорытынды шығады.


2020-2021 оқу жылында 17 жекеменшік мектепте 1-11 сыныптар аралығындағы білім алушылар контингенті 4895 білім алушыны құрады, қазақ тілінде – 1031 (21%), орыс тілінде – 3323 (67,9%), ағылшын тілінде – 541 білім алушы (11,1%) (2.2.2-сурет):

- 1-4 сыныптарда – 2625 бала: оның ішінде қазақ тілінде – 493 білім алушы (18,8%), орыс тілінде-1975 (75,2%), ағылшын тілінде-157 (6%) білім алушы;

- 5-9 сыныптарда – 1782 білім алушы: қазақ тілінде – 394 (22,1%), орыс тілінде – 1134 (63,6%), ағылшын тілінде-254 (14,3%) білім алушы;

- 10-11 сыныптарда – 488 білім алушы, қазақ тілінде – 144 (29,5%), орыс тілінде – 214 (43,9 %), ағылшын тілінде – 130 (26,6%) білім алушы.

**2.2.2-сурет. 17 жекеменшік мектепте білім алушылардың білім беру деңгейлері мен оқыту тілдері бөлінісіндегі үлесі, %**



Берілген ақпаратқа сәйкес, орыс тілінде оқитын білім алушылар басым (67,9%) деген **қорытынды жасалады**. Тиісінше, жекеменшік мектептерде қазақ тілінде оқытатын сыныптар саны азырақ ашылады.

2020-2021 оқу жылына сәйкес берілген ақпарат бойынша 17 жекеменшік мектепте білім алушылардың үлгерімінің сапасы 72,2% көрсетеді (2.2.3-сурет):

- 1-4 сыныптар: 81,7%;
- 5-9 сыныптар: 64,6%;
- 10-11 сыныптар: 70,4%.

**2.2.3-сурет. 2020-2021 оқу жылында 17 жекеменшік мектептің білім беру деңгейлері бөлінісінде білім алушылардың үлгерімінің сапасы, %**




Диаграмма деректеріне сәйкес 2020-2021 оқу жылында 17 жекеменшік мектеп білім алушыларының білім сапасының орташа қалалық пайызы 72,2% құрады, 5-9 және 10-11 сыныптар сапасы орташа қалалық деңгейден төмен екені анықталды. Егер жекелеген мектептер бойынша сапаны қарастыратын болсақ, онда мектептер арасындағы ең төменгі көрсеткіш - 62%, ең жоғары нәтиже-87,5%, яғни тұрақты нәтиже жоқ.


**2.3 2021-2022 оқу жылындағы мониторингті талдау**

2021-2022 оқу жылындағы деректердің қорытындысы сәйкес 28 жекеменшік мектеп ұсынған мониторинг бағыттары бойынша талдау жүргізілді.

Жоғарыда аталған мектептердің педагогикалық құрамы 1276 педагогті құрады, оның ішінде (2.3.1-сурет):

- педагог-модератор: 199 педагог (15,6%);
- педагог-сарапшы: 180 педагог (14,1%);
- педагог-зерттеуші: 303 педагог (23,7%);
- педагог-шебер: 55 педагог (4,3%);
- шетелден тартылған педагогтер – 63 (4,9%).

**2.3.1-сурет. Аттестаттаудың жаңа қағидаларына сәйкес біліктілік санаттары бойынша педагогтердің үлесі, %**



**Қорытынды:** жекеменшік мектептер педагогтерінің санаты бойынша сапалық құрам 42,1% құрайды, яғни «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаттарын білдіреді, бірақ бұл жинаққа бірінші және жоғары санаттары бар педагогтер кірмеген.

2021-2022 оқу жылында 28 жекеменшік мектептің білім алушылар контингенті білім беру деңгейлері мен оқыту тілдері бойынша да қаралды (2.3.2-сурет).


✓ 1-4 сыныптар: 7472 білім алушы (49,7%), қазақ тілінде – 2565 (34,3%), орыс тілінде – 4743 (63,5%), ағылшын тілінде – 166 білім алушы (2,2%).

✓ 5-9 сыныптар: 6358 білім алушы (42,3%), қазақ тілінде – 2638 (41,5%), орыс тілінде – 3403 (53,5%), ағылшын тілінде – 327 білім алушы (5%).

✓ 10-11 сыныптар: 1191 білім алушы (7,9%), қазақ тілінде – 535 (44,9%), орыс тілінде – 522 (43,8%), ағылшын тілінде – 134 білім алушы (11,3%).

✓ барлығы 1 – ден 11 – сыныпқа дейінгі білім алушылар саны: 15021 білім алушы, оның ішінде қазақ тілінде оқитындар – 5738 (38,2%), орыс тілінде оқитындар-8668 (57,7%), ағылшын тілінде оқитындар-627 (4,1%).

**2.3.2-сурет. 2021-2022 оқу жылында 28 жекеменшік мектептегі білім алушылардың білім беру деңгейлері мен оқыту тілдері бөлінісінде үлесі, %**




Бұл диаграммалар мен талдаулар алдыңғы оқу жылындағыдай осы оқу жылында да басым көрсеткіштер орыс тілінде оқитын білім алушылар контингентін (57,7%), ал мемлекеттік тілде оқитын білім алушылар контингенті білім алушылардың 38,2% құрайды деген қорытындыны көрсетеді.

2021-2022 оқу жылында жоғарыда аталған мектептерде (28 жекеменшік мектеп) білім алушылардың білім сапасы 71% құрады және бұл орташа көрсеткіш білім деңгейлері бөлінісінде талданды (2.3.3-сурет):

- 1-4 сыныптарындағы: 78,9%;
- 5-9 сыныптарындағы: 65,2%;
- 10-11 сыныптарындағы: 68,7%

### 2.3.3-сурет. Білім деңгейлері бойынша білім сапасы, %



**Қорытынды:** негізгі орта білім деңгейі қалған білім деңгейлеріне қарағанда білім сапасын төмен көрсетеді.

### 2.4 2022-2023 оқу жылындағы мониторингті талдау

Ағымдағы 2022-2023 оқу жылында Білім басқармасының статистикалық есептеріне сәйкес 5 жекеменшік мектеп жұмыс істейді, оның ішінде 5 мемлекеттік-жекешелік әріптестіктегі Vinom мектебі. Аталған 5 жекеменшік мектепте білім алушылар контингентінің статистикалық деректері 31 244 білім алушыны құрайды, оның ішінде (2.4.1-сурет):

➤ 1-4 сыныптар: 15 117 (48,4%) білім алушы, қазақ тілінде – 6446 (42,6%), орыс тілінде – 8284 (54,8%), ағылшын тілінде – 387 (2,6%) білім алушы;


➤ 5-9 сыныптар: 13 047 (41,8%) білім алушы, қазақ тілінде – 6319 (48,4%), орыс тілінде – 6222 (47,7%), ағылшын тілінде – 506 (3,9%) білім алушы;

➤ 10-12 сыныптар: 3080 (9,8%) білім алушы, қазақ тілінде – 1584 (51,4%), орыс тілінде-1287 (41,8%), ағылшын тілінде-214 (6,8%) білім алушы;

➤ 1-12 сыныптар: 31 244 білім алушы, оның ішінде қазақ тілінде – 14 349 (45,9%), орыс тілінде – 15 792 (50,5%), ағылшын тілінде – 1103 (3,6%) білім алушы.



**2.4.1-сурет. Білім басқармасының білім беру деңгейлері мен оқыту тілдері бөлінісінде білім алушылар контингенті бойынша 2022-2023 оқу жылының басындағы статистикалық деректері, %**



2022-2023 оқу жылының басындағы білім алушылар контингенті бойынша мынадай қорытынды туындайды: орыс тілінде оқитын білім алушылар контингенті қазақ тілінде оқитын білім алушылармен салыстырғанда 4,6% - ға және ағылшын тілінде оқитын білім алушылардың 46,9% - ға басым. Егер білім беру деңгейлері бойынша градация жүргізілсе, онда негізгі орта және жалпы орта деңгейде қазақ тілінде оқытылатын білім алушылар контингенті басқа оқыту тілдері бойынша білім алушылар санынан асып түседі. Оқу деңгейлері бойынша контингентті салыстыра отырып, білім алушылардың ең көп саны 1-4 сынып оқушыларынан тұрады.


2022-2023 оқу жылының 1 тоқсанындағы білім алушылардың үлгерімінің сапасы 37 жекеменшік орта білім беру ұйымдарының білім беру деңгейлері бөлінісіндегі деректерінен құралды (2.4.2-сурет):

- 1-4 сыныпта: 72%;
- 5-9 сыныпта: 60%;
- 10-12 сыныпта: 58,2%;
- 1-12 сыныпта: 63,4%.

28%-дан 41%-ға дейінгі салыстырмалы түрде төмен нәтижелерді Қ. Сәтбаев, Ы. Алтынсарин және А. Байтұрсынұлы атындағы «Vinom» мектептері, сондай-ақ Zharkyn Smart School (34,7%), Ұлттық Бизнес және инжиниринг жекеменшік мектептері (43%) көрсетеді. Мұндай төмендеу динамикасы жаңа мектептер жағдайында оқушылардың бейімделуіне байланысты болуы мүмкін.

Бірақ сонымен бірге өте жоғары көрсеткіштерді көрсететін бастауыш жекеменшік мектептер бар: Montessori school ЖШС (93,6%), «Flamingo» (96,9%) «Бақыт балабақшасы» ЖШС (100%), «Intellectual generation» ЖШС (100%), «Ascend зияткерлік даму балабақша-бастауыш мектебі» кешені (76%). Бұл ретте тек 10-11 сынып білім алушылары оқитын «Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектебі бар, ондағы білім сапасы 100% көрсетеді.

## 2.4.2-сурет. Білім алушылардың білім сапасы




Білім сапасы бойынша мониторинг және талдау деректерінен келесі қорытынды шығады: орташа қалалық деңгейден төмен көрсеткіштер негізгі орта және жалпы орта деңгейлерінде анықталды (63,4%).

30 жекеменшік мектептің педагогикалық құрамын талдау барысында педагогтердің жалпы контингенті 2223 педагогті құрайтыны анықталды, оның ішінде (2.4.3-сурет):

- педагог-модератор: 15,2%;
- педагог-сарапшы: 15%;
- педагог-зерттеуші: 20,8%;
- педагог-шебер: 3%;
- шетелден тартылған педагогтер: 2,6%.

## 2.4.3-сурет. Біліктілік санаттары бойынша педагогтер үлесі, %



Диаграммаға назар аударсақ педагогтердің сапалы білікті құрамы 38,8% (педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер) құрайды, бұл көрсеткіш алдыңғы жылдарға қарағанда айтарлықтай төмен, сондықтан осы фактор білім

алушылардың үлгерімі сапасының теріс динамикасына әсер етуі мүмкін деген қорытынды жасауға болады.

## 2.5 Жекеменшік мектеп білім алушыларының оқу жетістіктері мониторингін талдау

Жеке орта білім беру ұйымдарының білім алушылары түрлі зияткерлік сайыстарға, пәндік олимпиадаларға және ғылыми жобаларға белсенді қатысады.

Жекеменшік мектептердің әртүрлі пәндік олимпиадаларға, зияткерлік сайыстарға және қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі ғылыми жобаларға қатысу тиімділігі бойынша статистикалық деректерді «Дарын» орталығы ұсынды.

2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 үш оқу жылдары бөлінісінде пәндік олимпиадалар бойынша жекеменшік мектептердің қатысушылары мен жеңімпаздарының статистикалық деректері белгілі бір оң динамиканы көрсетеді:


### 1. Халықаралық олимпиада бойынша (2.5.1-сурет):

- қатысушылардың жалпы саны: 2019-2020 оқу жылы – 33 қатысушы, 2020-2021 оқу жылы – 44 қатысушы, 2021-2022 оқу жылы – 39 қатысушы.

– жалпы жүлдегерлер саны: 2019-2020 оқу жылы – 18 жүлдегер, 2020-2021 оқу жылы – 28 жүлдегер, 2021-2022 оқу жылы – 26 жүлдегер.

Халықаралық олимпиадаға қатысушылар санының (7,7%-ға) ұлғаюымен қатар нәтижелік көрсеткіші де өсуде, талданған бірінші және соңғы оқу жылының деректерін салыстырғанда жеңімпаздар санының (50% - ға) өскенін байқаймыз.

2.5.1-сурет. Халықаралық олимпиадаға қатысушылар мен жүлдегерлердің саны мен үлесі




Халықаралық олимпиадаға 3 жыл бөлінісінде 4 жекеменшік мектептің білім алушылары қатысты, онда қатысушылар мен жүлдегерлердің ең көп саны бар NURORDA мектебінің білім алушыларын атап өткен жөн:

- SPECTRUM: 17 қатысушы, 15 жүлдегер – нәтижелілігі 88%;
- NURORDA: 89 қатысушы, 59 жүлдегер – нәтижелілігі 66,3%;
- Экономикалық лицей: 7 қатысушы, 5 жүлдегер – нәтижелілігі 71,4%;
- HAILEYBURY: 3 қатысушы, 3 жүлдегер – нәтижелілігі 100%.

## 2. Республикалық пәндік олимпиада (2.5.2-сурет):

- қатысушылар саны: 2019-2020 оқу жылы – 15 қатысушы, 2020-2021 оқу жылы – 23 қатысушы, 2021-2022 оқу жылы – 51 қатысушы.
- жүлдегерлер саны: 2019-2020 оқу жылы – 15 жүлдегер, 2020-2021 оқу жылы – 18 жүлдегер, 2021-2022 оқу жылы – 48 жүлдегер.

2.5.2-сурет. Республикалық пәндік олимпиадаға қатысушылар мен жүлдегерлердің саны мен үлесі



Пәндік олимпиадаға 7 жекеменшік мектептің оқушылары қатысты. Мониторингке сәйкес қатысушылар мен жеңімпаздардың ең көп саны NURORDA жекеменшік мектебінде байқалады: үш жыл ішінде 74 қатысушы және 67 жүлдегер, нәтижелілік 90,5% құрайды (2.5.1-кесте):

2.5.1-кесте. Республикалық пәндік олимпиадаға қатысушылар мен жүлдегерлер саны

Жекеменшік мектептер	Қатысушылар саны			Жүлдегерлер саны		
	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2019-2020	2020-2021	2021-2022
NURORDA	14	19	41	14	15	38
Экономикалық лицей	-	1	3	-	1	3
Spectrum	-	2	2	-	2	2
Столичная	1	1	2	1	1	2
HAILEYBURY	-	-	1	-	-	1
Центральная	-	-	1	-	-	1
Quantum STEM School	-	-	1	-	-	1

Республикалық пәндік олимпиадаға қатысушылардың үлесі 70,6% – ға, ал жүлдегерлердің үлесі 68,8% - ға өскені туралы қорытынды жасауға болады.

### 3. 7-8 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша республикалық олимпиада

Бұл олимпиадаға 7 жекеменшік мектептің оқушылары қатысты. Қатысушылардың жалпы санынан (42 адам) жүлдегерлер саны 23 білім алушыны құрады, яғни пайыздық өлшем бойынша нәтижелілік 54,8%-ға тең (2.5.2-кесте).


2.5.2-кесте. 7-8 сыныптардағы Республикалық олимпиадаға қатысушылар мен жүлдегерлер саны

Жекеменшік мектептер	Қатысушылар саны			Жүлдегерлер саны		
	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2019-2020	2020-2021	2021-2022
NURORDA	8	10	22	8	8	18
Экономикалық лицей	-	-	6	-	-	3
Столичная	-	1	4	-	1	1
Центральная	-	-	6	-	-	1
Quantum STEM School	-	-	2	-	-	-
Alpamys school	-	-	1	-	-	-
Garden school	-	-	1	-	-	-

### 4. «Химия», «Биология» пәндері бойынша 7-8 сыныптарға арналған I аймақтық олимпиада

2021-2022 оқу жылында аталған олимпиадаға 7 жекеменшік мектеп қатысты. Қатысушылардың ең көп саны – NURORDA мектебі (8 қатысушы, 7 жүлдегер). Қатысушылардың жалпы саны 18, жүлдегерлер 10 болды. Бұл олимпиададағы нәтижелілік көрсеткіші 55,5% құрады (2.5.3-сурет).

2.5.3-сурет. Аймақтық пәндік олимпиада бойынша статистикалық деректер



### 5. 7-8 сынып оқушыларына арналған I ұлттық олимпиада (қалалық кезең)

Осы олимпиадаға 2021-2022 оқу жылында қатысушылардың жалпы саны 87 адам, жүлдегерлер саны – 23 болатын 10 жеке білім беру ұйымдары қатысты, қатысушылардың 26,4%-ы нәтиже көрсетті (2.5.3-кесте).

**2.5.3-кесте. 7-8 сынып оқушыларына арналған I Ұлттық олимпиаданың қалалық кезеңінің нәтижелері**

Жекеменшік мектептер	Қатысушылар саны			Жүлдегерлер саны		
	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2019-2020	2020-2021	2021-2022
Quantum STEM School	-	-	10	-	-	2
Экономикалық лицей	-	-	13	-	-	5
NURORDA	-	-	3	-	-	-
Столичная	-	-	5	-	-	-
Флагман	-	-	2	-	-	-
Центральная	-	-	8	-	-	-
Alpamys school	-	-	16	-	-	10
SEED edu.complex	-	-	2	-	-	-
Smart techn.	-	-	9	-	-	1
Халықаралық колледж	-	-	19	-	-	5

### 6. 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық пәндік олимпиада (2.5.4-кесте)

Аталған олимпиаданың қалалық кезеңіне 2021-2022 оқу жылында 9 мектеп қатысты (21 қатысушы, 16 жүлдегер), республикалық кезеңге қатысушылардың жалпы саны 6 адамнан тұратын 5 жекеменшік мектеп өтті. Жүлдегерлер саны – 5. Флагман мектебінен келген қатысушы нәтижелілігін растаған жоқ.

**2.5.4-кесте. 5-6 сыныптарына арналған Республикалық пәндік олимпиадаға қатысушылар мен жүлдегерлер саны**

Жекеменшік мектептер	Қатысушылар саны			Жүлдегерлер саны		
	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2019-2020	2020-2021	2021-2022
Экономикалық лицей	-	-	2	-	-	2
Флагман	-	-	1	-	-	-
Столичная	-	-	1	-	-	1
NURORDA	-	-	1	-	-	1
Центральная	-	-	1	-	-	1

### 7. 2-4 сыныптарға арналған «Бастау» республикалық математикалық турнирі

Бұл турнирге үш жыл аясында 2 мектеп қатысты:

- 2019-2020 оқу жылы: 3 қатысушы, 0 жүлдегер;
- 2020-2021 оқу жылы: 6 қатысушы, 5 жүлдегер;
- 2021-2022 оқу жылы: қатысушылар мен жүлдегерлер жоқ.

Сондықтан осы турнирге қатысу үшін 2-4 сынып оқушыларының қатысуын жандандыру қажет.

Пәндік олимпиадалар бойынша білім алушылардың жетістіктерінің мониторингін талдау негізінде мынадай қорытынды жасалады:

✓ 50 жекеменшік мектептен қатысушылардың ең көп саны 10 мектепті құрады (20%);

✓ Қатысуын және нәтижелілігін NURORDA мектептерінің білім алушылары көрсетті (219 қатысушы, 169 жүлдегер). Бұл мектептің нәтижелілігі 77% құрады.

✓ Нәтижелерін көрсететін келесі мектеп – Экономикалық лицей (47 қатысушы, 31 жүлдегер), нәтижелілігі – 66%.

✓ Қатысушылардың жалпы саны 407 адамды, жүлдегерлер – 263 адамды құрады. Пәндік олимпиадаларда 64,6% нәтиже көрсетті.

Елорданың білім алушылары пәндік олимпиадалардан басқа ғылыми жобалар байқауларына қатысады:

### 1. Ғылыми жоба байқауы


Үш оқу жыл шеңберінде ғылыми жобалар байқауының қалалық кезеңіне 4 жекеменшік мектептің білім алушылары қатысты (2.5.5-кесте).

#### 2.5.5-кесте. Қалалық кезеңде ғылыми жобалар байқауына қатысу нәтижелері

Жекеменшік мектептер	Қатысушылар саны			Жүлдегерлер саны		
	2020	2021	2022	2020	2021	2022
Alpamys School	-	5	1	-	1	-
Seed School	-	8	1	-	1	-
Smart School	-	-	2	-	-	1
Quantum School	-	-	1	-	-	1

Осыдан 2 жылдағы қатысушылардың жалпы саны (2020-2021, 2021-2022) 18 адам, 4 жүлдегер деген қорытынды шығады. Қатысу нәтижелілігі 22,2% құрайды (2.5.4-сурет):

2.5.4-сурет. Ғылыми жобалар байқауына қатысушылар мен жүлдегерлердің саны мен үлесі




2021-2022 оқу жылында ғылыми жобалар сайысының республикалық кезеңінде 2 мектептен бір қатысушы қатысып, жүлделі орынға ие болды. Қатысу нәтижелілігі 100% құрады, алайда мектептер мен қатысушылардың аздығын атап өткен жөн.

## 2. Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық «Зерде» байқауы

«Зерде» байқауына қалалық кезеңде 8 жекеменшік мектеп қатысты. 3 жыл ішінде қатысушылардың жалпы саны 84 адамды, ал жүлдегерлер саны 47 адамды құрады. Жүлделі орындар бойынша нәтижелілік 56% құрады (2.5.5-сурет).

2.5.5-сурет. «Зерде» байқауының қалалық кезеңі бойынша статистикалық деректер



Республикалық кезеңде екі жыл ішінде (2019-2020, 2020-2021) 3 жекеменшік мектептен 6 қатысушы, 6 жүлдегер нәтиже көрсетті. 2021-2022 оқу жылы қатысушылар жоқ (2.5.6-кесте).

### 2.5.6-кесте. «Зерде» байқауының республикалық кезеңі бойынша қорытынды

Жекеменшік мектептер	Қатысушылар саны			Жүлдегерлер саны		
	2020	2021	2022	2020	2021	2022
Alpamys School		1	-	-	1	-
Seed School	3	-	-	3	-	-
Флагман Ақбұлақ	2	-	-	2	-	-

Қалалық кезеңге қатысушылардың тек 7%-ы республикалық кезеңге қатысты. Республикалық кезеңнің нәтижелілігі 100%-ды құраса да, қатысушылар саны 14 есеге қысқарды.

## 3. «Ақберен» республикалық өнер байқауы (қалалық кезең)

Аталған байқаудың қалалық кезеңіне 2020-2021, 2021-2023 оқу жылыдары бойынша 3 мектеп қатысты: NURORDA, Флагман Ақбұлақ, Zharkyn Smart School -11 қатысушы, 3 жүлдегер. Қатысу нәтижелілігі 27% құрады.

4. Республикалық Абай оқулары (қалалық кезең). Бұл байқауға 3 мектеп қатысты, қатысушылар саны 5 адам, жүлдегер – 1 (2.5.7-кесте):



## 2.5.7-кесте. Республикалық Абай оқуларының нәтижелері

Жекеменшік мектептер	Қатысушылар саны			Жүлдегерлер саны		
	2020	2021	2022	2020	2021	2022
Nur Orda мектеп-лицейі	-	1	-	-	-	-
Quantum Stem			3			
Елордалық №1	-	-	1	-	-	1

Аталған байқауда елордалық жекеменшік мектеп оқушыларының нәтиже көрсеткіші 20% құрады.

**5. Жамбыл оқулары (қалалық кезең).** Бұл конкурсқа тек бір ғана Nurorda мектебінен бір қатысушысы қатысады. Жүлдегерлер жоқ.

**6. «Тұғыры биік Тәуелсіздік» оқушылар арасындағы айтыс (қалалық кезең).** 2020-2021 оқу жылының қатысушысы Zharkyn Smart School мектебінен, 1 қатысушы, 1 жүлдегер.

### **7. Оқушылардың республикалық оқулары (қалалық кезең)**

Бұл оқуларға Zharkyn Smart School мектебі қатысты, ол қатысушы жүлделі орынға ие болды.

Ғылыми жоба байқауларының және зияткерлік байқаулардың нәтижелері бойынша мынадай қорытынды жасалады:

1. Ғылыми жобалар байқаулары мен зияткерлік байқауларға қатысушы мектептердің ең көп саны 8 жекеменшік мектепті құрады (бұл жекеменшік мектептердің жалпы санының 16%);

2. Қатысушылардың жалпы саны - 154 адам, жүлдегерлер – 65, қатысушылардың 42,2% - ы нәтиже көрсетті.

Пәндік олимпиадалардың, ғылыми жобалар байқауларының және зияткерлік байқаулардың қорытындылары бойынша жалпы талдау негізінде қатысушылардың жалпы санының нәтижелілігі 58,5% құрады.

## 2.6 Жекеменшік мектеп түлектерін қамтылуын талдау

Әрбір білім беру ұйымы мектеп қабырғасынан өз Отанының өркендеуіне бағытталған, сондай-ақ қазіргі әлем жағдайында бәсекеге қабілетті жан-жақты дамыған шығармашылық тұлға ретінде шығатын түлектің моделі үшін жұмыс істейді.

Мониторингке қатысқан жекеменшік мектептердің диагностикалық карталарына сәйкес түлектердің жұмысқа орналасуына талдау келесі критерийлер бойынша жүргізілді: түлектердің жалпы саны, жоғары оқу орындарына түскен түлектердің саны: ҚР/ ТМД/алыс шет елдер.


Талдау келесі көрсеткіштерді анықтады (2.6.1-сурет):

– 2019-2020 оқу жылы: түлектердің барлығы – 103 адам, оның ішінде ЖОО-ға түсу: 37/10/44. 103 түлектің 91 түлегі жоғары оқу орындарына түсті, бұл түлектердің жалпы санының 88,3% құрайды, 12 түлек колледждерге түсті (11,7%);

- 2020-2021 оқу жылы: барлығы – 225, оқуға түсу – 80/32/99, яғни 211 түлек жоғары оқу орындарына түсті (93,8%), 14 түлек колледждерге түсті (6,2%);

- 2021-2022 оқу жылы: барлығы – 479, оқуға түсу – 261/27/126, ЖОО – ға түсу саны-414 (86,4%), 65 түлек колледждерге түсті (13,6%).

**2.6.1-сурет. Жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі, %**




Жоғарыда келтірілген мәліметтер бойынша түлектердің 100% қамтылғандығын, яғни жоғары оқу орындары мен колледждерге түскендігін көрсетеді.

Соңғы үш жыл шеңберінде ҚР, ТМД және алыс шет елдердегі жоғары оқу орындарына түсу бөлінісінде мынадай нәтижелерді атап өткен жөн (2.6.2-сурет):

- ҚР жоғары оқу орындары: 378 түлек (47%);
- ТМД жоғары оқу орындары: 69 түлек (9%);
- Алыс шетелдің жоғары оқу орындары: 269 түлек (33%);
- колледждер: 91 түлек (11%).

**2.6.2-сурет. Үш жыл бөлінісінде қамтылған түлектердің үлесі**



Жекеменшік мектеп түлектерін оқумен қамту бойынша деректерді талдау түлектердің 89%-ы еліміздің және әлемнің жоғары оқу орындарына түскенін, оның ішінде түлектердің басым көпшілігі ҚР (47%) және алыс шет елдердің (33%) жоғары оқу орындарына түскенін көрсетті

Әрбір оқу жылына жасалған талдауға, жеке мектептердің қызметіне, жалпы талдаудың әр бағыты бойынша қорытындылар жасалды және әдістемелік ұсынымдар ұсынылды.

### **3. ЖЕКЕМЕНШІК ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ МОНИТОРИНГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Жекеменшік мектептердің қызметіне жүргізілген мониторинг нәтижесінде белгілі бір тұжырымдар анықталды, олар бойынша оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірленді. Бұл әдістемелік ұсынымдар жекеменшік мектептердің әкімшілігіне, атап айтқанда директорлардың оқу және ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасарларына жолданды:

➤ Жекеменшік мектептерді ашу кезінде, сондай-ақ сыныптар-жиынтықтарды кеңейту кезінде қазақ тілінде оқытатын сыныптар санын көбейтуге ерекше назар аудару қажет.

➤ Оқу процесін тиімді ұйымдастыру мақсатында педагогтерді аттестаттаудан өтуге, яғни біліктілік санатын беру немесе растауға дайындау бойынша әдістемелік сүйемелдеу жүргізу, өйткені педагогтердің санаттылығы олардың сапалық құрамын құрайды.

➤ Іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру мақсатында оқу-тәрбие процесіне егжей-тегжейлі және нүктелік талдау жүргізу, ол сабақтың (пәндік), сабақтан тыс (пәндік, тәрбиелік), әдістемелік (пәндік, тәрбиелік) іс-әрекеттің мазмұны мен нәтижелерін қамтитын болады. Қызметтің әрбір бағыты бойынша келесі оқу жылында назар аудару қажет оң және теріс тұстарды көрсету қажет:

- оқу пәндерін циклдар, сыныптар және білім деңгейлері бойынша оқытудың жай-күйін көрсету қажет. Тиісінше пәндер, сыныптар, білім деңгейлері бойынша үлгерімнің сапасын көрсету. Оқу мазмұнына келесі сұрақтарды енгізу: жоспарлау, оқу процесінің жағдайы, сабақтың мақсаты, бағалау, кері байланыс, үй тапсырмасының көлемі мен мазмұны, күтілетін нәтиже.

- педагогтерді әдістемелік қолдаудың оң және теріс жақтарын көрсету қажет: технологияларды қолдану, сабақта инновациялық формаларды, әдістерді, тәсілдерді, технология стратегияларын қолдану.

- тәрбие процесінің оң және теріс жақтарын көрсету қажет: тәрбие деңгейі, инновациялық технологиялар мен жобаларды пайдалану, тәрбие тұжырымдамасына сәйкес жоспарды іске асыру.

➤ Мектепішілік бақылау жоспар мектеп қызметінің барлық бағыттарын қамтитын жүйеде жүзеге асырылуы тиіс, бұл ретте:

- бақылау тақырыбын нақты және дұрыс тұжырымдау қажет, тақырып негізінде бақылау мақсаты тұжырымдалады. Бақылаудың мақсаты түсінікті, маңызды және қолжетімді болуы керек.

- бақылау түрін анықтаған кезде бақылаудың тақырыбы мен мақсатын ұстану керек, яғни оны жеке адамға немесе топқа (жеке), құжаттарға немесе жеке объектілерге (шолу), сынып ұжымына және ондағы оқу-тәрбие процесінің жағдайына (сыныпты жалпылау), жеке сыныпта оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнына, параллельде (фронтальды) іске асыру керек.

➤ Басқару шешімі талдамалық анықтама, ақпарат, бұйрық т.б. сияқты бақылау жолы ретінде толтырылады.

➤ Білім алушылардың үлгерімінің сапасы педагогтердің кәсіби құзыреттілігімен, олардың біліктілігімен тікелей байланысты, яғни біліктілік санаттары бар, бірақ білім алушылардың білім сапасының төмендігін көрсететін педагогтердің оқыту сапасын міндетті бақылау.

➤ Педагогтер мен білім алушылардың анықталған проблемалық мәселелері мен қиындықтары әдістемелік сүйемелдеу бойынша жүргізілуі тиіс.

➤ білім алушылар контингентінің сапалық құрамы мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының контингентінен ерекшеленетіндіктен, зияткерлік конкурстарға, олимпиадаларға, ғылыми жобаларға қатысу үшін білім алушылармен сабақтарда жұмыстың белсенді нысандарын, әлеуметтік мәртебесі, ынталандыру деңгейі бойынша инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану арқылы күшейту қажет.

Елорда мектептерінің педагогикалық ұжымдары арасында тәжірибе алмасу мақсатында педагогтердің үздік тәжірибесін жинақтау

## ОГЛАВЛЕНИЕ

1. Инструментарий мониторинга деятельности частных организаций среднего образования	31
2. Анализ мониторинга деятельности частных организаций среднего образования	32
2.1 Анализ мониторинга за 2019-2020 учебный год	38
2.2 Анализ мониторинга за 2020-2021 учебный год	40
2.3 Анализ мониторинга за 2021-2022 учебный год	42
2.4 Анализ мониторинга за 2022-2023 учебный год	44
2.5 Анализ учебных достижений обучающихся частных школ	46
2.6 Анализ трудоустройства выпускников частных школ	53
3. Методические рекомендации по итогам мониторинга деятельности частных организаций среднего образования	55

## **ИНСТРУМЕНТАРИЙ МОНИТОРИНГА ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЧАСТНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Для определения эффективности деятельности частных школ был запланирован и проведен мониторинг. Мониторинг проводился в рамках трех учебных годов и 1 четверти текущего 2022-2023 учебного года.

Для проведения мониторинга был разработан инструментарий в виде диагностических карт по каждому году обучения (2019-2020, 2020-2021, 2021-2022, 1 четверть 2022-2023 учебного года).

Диагностические карты включали следующие направления, по которым в дальнейшем был проведен анализ:

- ✓ год открытия частной школы;
- ✓ уровень образования;
- ✓ язык обучения;
- ✓ миссия школы;
- ✓ направление обучения;
- ✓ контингент обучающихся в разрезе уровней образования и языков обучения;
- ✓ качество знаний обучающихся в разрезе уровней образования;
- ✓ контингент педагогов в разрезе квалификационных категорий;
- ✓ достижения обучающихся;
- ✓ трудоустройство выпускников.

Диагностические карты по всем этим направлениям были составлены как в каждом направлении по отдельности, а также включалась и сводная информация по направлениям.

Диагностические карты были предоставлены всем частным организациям среднего образования, но информация поступила не от всех частных школ. В анализе указано количество школ, участвовавших в мониторинге, по годам.

### **3. АНАЛИЗ ПО МОНИТОРИНГУ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЧАСТНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ**

На начало 2022-2023 учебного года функционируют 50 частных организаций среднего образования, из них 5 школ «VINOM» на государственно-частном партнерстве.

В мониторинге приняли участие 37 организаций среднего образования, из них 5 школ «VINOM». Согласно предоставленной информации количество частных школ, участвовавших в мониторинге, отличается в зависимости от учебного года.

Частные школы имеют определенные особенности, которые заключаются в формах и сроках оценивания, обучении по программам международного уровня, на государственном, русском или на английском языках обучения.

